

Бөрлі ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 853 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 желтоқсанда № 4624 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Зандарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бөрлі ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмысы бөлімінің басшысы (А. Дарисов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К. Утегеновке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Халелов

Бөрлі ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 853 қаулысына
қосымша

Бөрлі ауданы әкімдігінің күші жойылған

кейбір қаулыларының тізімі

1. Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 101 "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3855 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 сәуірде "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" газетінде жарияланған);
2. Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 102 "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының ветеринария бөлімі мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 3837 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 наурызда "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" газетінде жарияланған);

3. Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 667 "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы " қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4086 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 қазанда "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" газетінде жарияланған);

4. Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 669 "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4088 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 қазанда "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" газетінде жарияланған);

5. Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 852 "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4199 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 қаңтарда "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" газетінде жарияланған);

6. Бөрлі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 568 "Ақсай қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4560 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).